

Инвестицияларды мемлекеттік қолдауды іске асырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 13 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 282, 286 және 294-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.02.2023 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған модельдік келісімшарт (бұдан әрі – модельдік келісімшарт);

2) инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған қызметтің басым түрлерінің тізбесі;

3) Мемлекеттік органдардың мамандарын, Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары арасынан консультанттар мен сарапшыларды тарту қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін модельдік келісімшарттың 3-тармағы 1) тармақшасының төртінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 14 қаңтардағы
№ 13 қаулысымен
бекітілген

Инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған модельдік келісімшарт

Ескерту. Келісімшартқа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 27.12.2019 № 987 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 12.01.2021 № 4 ("ҚР кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 02.01.2021 ҚР Заңы қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі); 25.10.2021 № 764 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 22.10.2022 № 840 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 23.02.2023 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Астана қаласы _____ (күні, айы, жылы)

Осы инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған келісімшарт бұдан әрі Тараптар деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін (ереже немесе бұйрық)

_____ (бұдан әрі - уәкілетті орган) атынан (уәкілетті органның атауы)

_____ мен (басшының немесе оның міндетін атқарушы адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

_____ негізінде әрекет ететін, инвестициялық жобаны іске (жарғы немесе сенімхат) асыратын

_____,
(Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының атауы, мемлекеттік тіркеу нөмірі, күні)
атынан _____

(басшының немесе өзге уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі – инвестор) арасында жасалды.

Мыналарды:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген, бағыттарының бірі экономиканы дамыту үшін қолайлы инвестициялық жағдай жасау және заманауи технологияларды қолданып инвестицияларды жаңа өндірістерді құруға, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге және жаңартуға салуды ынталандыру, қазақстандық кадрлардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау болып табылатын Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасын;

2) уәкілетті органға тікелей инвестициялық келісімшартты жасасумен және орындалуын бақылаумен байланысты құқықтар берілгенін;

3) уәкілетті орган мен инвестор инвестициялық келісімшарттың _____ (инвестициялық жобаның атауы) іске асыру кезінде олардың өзара құқықтары мен міндеттерін реттейтіні туралы уағдаласқандарын назарға ала отырып, уәкілетті орган мен инвестор мыналар туралы осы инвестициялық келісімшартты жасасты.

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы инвестициялық келісімшартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) инвестициялық келісімшарт – инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған шарт;

2) кірістер – төленетін нысанына қарамастан, пайданы, дивидендтерді және басқа да сыйақыларды қоса алғанда, инвестициялық немесе онымен байланысты қызметтен алынатын кірістер;

3) материалдық емес активтер – жиынтық жылдық кіріс алу үшін ұзақ мерзімді кезең ішінде (бір жылдан астам) пайдаланылатын материалдық емес объектілер;

4) форс-мажор – инвестициялық келісімшарттың одан әрі орындалу барысын қиындататын немесе оған мүмкіндік бермейтін еңсерілмейтін күш мән-жайлары (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.с.с.);

5) үшінші тұлға – инвестициялық келісімшарт бойынша Тарап болып табылмайтын кез келген тұлға;

6) жұмыс бағдарламасы – өндірісті пайдалануға бергенге дейін инвестициялық жобаны іске асыру жөніндегі жұмыстардың күнтізбелік кестесін айқындайтын, инвестициялық келісімшартқа 1-қосымша;

7) инвестициялық жоба – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру барысында тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құрылған, кеңейтілген және (немесе) жаңартылған өндірісін қоса алғанда, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жаңа өндірістерін құруға, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге және (немесе) жаңартуға инвестициялар көздейтін іс-шаралар кешені;

8) инвестициялық басым жоба –

егер Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде өзгеше көзделмесе, заңды тұлғаның жаңа өндірістік объектілердің құрылысына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және инвестициялық преференциялар беруге өтінім берілген күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің екі миллион еселенген мөлшерінен кем болмайтын мөлшердегі инвестицияларды жүзеге асыруын көздейтін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жаңа өндірістерін құру бойынша;

егер Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде өзгеше көзделмесе, заңды тұлғаның негізгі құралдарды өзгертуге, оның ішінде өнім шығаратын жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттарды жаңартуға (реновациялау, реконструкциялау, жаңғырту) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және инвестициялық преференциялар беруге өтінім берілген күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің бес миллион еселенген мөлшерінен кем болмайтын мөлшердегі инвестицияларды жүзеге асыруын көздейтін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жаңа өндірістерін кеңейту және (немесе) жаңарту бойынша инвестициялық жоба.

9) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 12.01.2021 № 4 ("ҚР кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы" 02.01.2021 ҚР Заңы қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 27.07.2018 № 468 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 12.01.2021 № 4 ("ҚР кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 02.01.2021 ҚР Заңы қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі); 06.08.2021 № 535 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.05.2024 № 381 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) қаулыларымен .

2. Инвестициялық келісімшарттың нысанасы

2. Осы инвестициялық келісімшарттың нысанасы инвесторға инвестициялық жоба шеңберінде Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасында көзделген инвестициялық преференциялар беру болып табылады.

3. Инвесторға:

1) инвестициялық жоба (оның ішінде инвестициялық басым жоба) бойынша инвестициялық преференциялардың мынадай түрлері беріледі:

технологиялық жабдықты және оның жинақтауыштарын импорттау кезінде инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзіміне, бірақ осы инвестициялық келісімшартқа 2-қосымшаға сәйкес инвестициялық келісімшарт тіркелген кезден бастап 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге кедендік баж салудан босату;

инвестициялық келісімшартқа 3-қосымшаға сәйкес тіркелген активтерге инвестициялардың көлеміне қарай технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектерін импорттау кезінде 5 (бес) жылға дейінгі мерзімге кедендік баж салудан босату;

жұмыс бағдарламасы бойынша тіркелген активтер пайдалануға берілген күннен бастап осы инвестициялық келісімшартқа 3-қосымшаға сәйкес шикізатты және (немесе) материалдарды импорттау кезінде 5 (бес) жыл мерзімге кедендік баж салудан босату;

инвестициялық келісімшартқа 4-қосымшаға сәйкес жұмыс бағдарламасында көзделген тіркелген активтер пайдалануға енгізілген айдың 1 күнінен бастап қатарынан 5 (бес) жыл мерзімге шикізат және (немесе) материалдар импортын қосылған құн салығынан босату;

мемлекеттік заттай грант: инвестициялық келісімшартқа сәйкес инвестициялық міндеттемелерін орындаған жағдайда _____ түрінде _____ құқығында кейіннен _____;

2) инвестициялық басым жоба бойынша инвестициялық преференциялардың мынадай түрлері беріледі:

салықтар бойынша преференциялар:

тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жаңа өндірістерін құру бойынша:

инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарт жасалған жылдың 1 қаңтарынан бастап және инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарт жасалған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап есептелетін, қатарынан келетін 10 (он) жылдан кешіктірмей аяқталатын инвестициялық келісімшартта көрсетілген басым қызмет түрлерін жүзеге асырудан алынған кірістер бойынша корпоративтік табыс салығын 100 пайызға азайту;

инвестициялық келісімшарт жасалған айдың 1 күнінен бастап және инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарт жасалған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап есептелетін, қатарынан келетін 10 (он) жылдан кешіктірмей аяқталатын жер салығының мөлшерлемелеріне 0 коэффициентін қолдану;

халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және (немесе) қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бірінші актив негізгі құралдар құрамында ескерілген айдың 1-і күнінен бастап және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және (немесе) қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бірінші актив негізгі құралдар құрамында ескерілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап есептелетін, қатарынан келетін 8 (сегіз) жылдан кешіктірмей аяқталатын салықтық базаға 0 пайыз мөлшерлемесі бойынша мүлік салығын есептеу;

жұмыс істеп тұрған тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің өндірістерін кеңейту және (немесе) жаңарту бойынша:

инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарт шеңберінде өнім шығаратын соңғы тіркелген активті пайдалануға беру жүргізілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап және инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарт шеңберінде өнім шығаратын соңғы тіркелген активті пайдалануға беру жүргізілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап есептелетін, қатарынан келетін 3 (үш) жылдан кешіктірмей аяқталатын инвестициялық келісімшартта көрсетілген басым қызмет түрлерін жүзеге асырудан алынған кірістер бойынша корпоративтік табыс салығын 100 пайызға азайту;

инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшартта көзделген өнімді шығаратын тіркелген активтерді кезең-кезеңімен енгізу кезінде жұмыс істеп тұрған тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің өндірістерін кеңейту және (немесе) жаңарту бойынша:

инвестициялық жоба шеңберінде өнім шығаратын тіркелген активті пайдалануға беру жүргізілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап және инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға берілген, өнім шығаратын тіркелген активті енгізу жүргізілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап есептелетін, қатарынан

келетін 3 (үш) жылдан кешіктірмей аяқталатын инвестициялық келісімшартта көрсетілген басым қызмет түрлерін жүзеге асырудан түскен кірістер бойынша корпоративтік табыс салығын 100 пайызға азайту.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.10.2021 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 381 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) қаулысымен.

3. Инвестициялық келісімшарттың мақсаты

4. Осы инвестициялық келісімшарт _____ (қызметтің басым түрлерінің атауы) сыныбына сәйкес _____ (инвестициялық немесе инвестициялық басым жоба) іске асыру кезінде инвестициялық преференцияларды беру мақсатында қолдану құқығына сәйкес уәкілетті орган мен инвестор арасындағы шарттық өзара қарым-қатынастардың заңды шеңберін белгілейді.

4. Инвестициялық қызмет объектісі

Ескерту. 4-тарауға орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Осы инвестициялық келісімшарт бойынша инвестициялық қызмет объектісі мыналарды:

тіркелген активтерге инвестицияларды:

Р/с №	Шығындар баптары	Қосылған құн салығы ескерілмеген сома (мың теңге):
Негізгі қаражатқа инвестициялар		
1		
2		
Материалдық емес активтерге инвестициялар		
3		
4		
	Жиыны:	

қамтитын, _____ орналасқан
(мекенжайы)
_____ болып табылады.
(инвестициялық жобаның атауы)

5. Тараптардың құқықтары

6. Уәкілетті органның:

1) өкілеттіктерді табыстау шегінде инвесторлармен тікелей келіссөздер жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етуге;

2) инвестициялық келісімшарттардың талаптарын және оны жасасу мен бұзу тәртібін айқындауға, инвестициялық келісімшарт жасасуға және тіркеуге;

3) инвестициялық жобаны іске асыруға бақылау жүргізуге, оның ішінде осы инвестициялық келісімшарттың 19, 20 және 21-тармақтарына сәйкес Инвестордан инвестициялық келісімшарттың талаптарын орындау жөнінде есепті талап етуге, сондай-ақ инвестициялық жобаға қатысты өзге де ақпаратты сұратуға;

4) осы инвестициялық келісімшартқа 6-қосымшада көрсетілген мүдделі заңды тұлғалар талаптарына кепілдендірілген тапсырысты қамтамасыз етуге жәрдем көрсетуге;

5) Уәкілетті орган туралы ережеде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

7. Инвестордың:

1) инвестициялық жобаны іске асыру үшін инвестициялық келісімшарт талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әрекет жасауға;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін өз еркімен алынған кірістерді өз қалауы бойынша пайдалануға;

3) Қазақстан Республикасының аумағындағы банктерде Қазақстан Республикасының банк және валюталық заңнамасына сәйкес ұлттық валютада және (немесе) шетелдік валютада банк шоттарын ашуға;

4) инвестициялық басым жобаларды іске асыру үшін тартылатын шетелдік жұмыс күшін осы инвестициялық келісімшартқа 7-қосымшаға сәйкес кәсіптер тізбесі мен сан бойынша тартуға құқығы бар.

6. Тараптардың міндеттері

8. Уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) осы инвестициялық келісімшартты жасасу арқылы инвестициялық преференциялар беруге;

2) инвестордың қатысуымен инвестициялық дауларды сотқа дейінгі тәртіппен реттеуде көмек көрсетуге міндеттенеді.

9. Инвестор:

1) жұмыс бағдарламасына сәйкес осы инвестициялық келісімшарттың 5-тармағында көрсетілген инвестицияларды жүзеге асыруға және тіркелген активтерді пайдалануға енгізуге;

2) инвестициялық жобаны іске асыру кезінде осы инвестициялық келісімшарттың ережелерін сақтауға;

3) осы инвестициялық келісімшарттың 4-тармағында көрсетілген қызмет түрін өзгертпеуге және инвестициялық преференциялар берілетін келісілген инвестициялық жобаның шарттарын бұзбауға;

4) қазақстандық кадрларды үздіксіз оқыту жүйесін енгізуге және олардың біліктілігін арттыру жөнінде жұмыс жүргізуге;

5) уәкілетті орган талап еткен инвестициялық жобаның іске асырылу барысы туралы ақпаратты беруге және осы инвестициялық келісімшарттың 19, 20 және 21-тармақтарына сәйкес есеп беру мерзімін сақтауға;

6) инвестициялық келісімшарт қолданылатын мерзімде берілген мемлекеттік заттай грантты және инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасына сәйкес сатып алынған тіркелген активтерді иеліктен айырмауға және олардың нысаналы мақсатын өзгертпеуге;

7) инвестициялық келісімшарт қолданылатын мерзімде осы инвестициялық келісімшарттың шеңберінде 4-тармақта көрсетілген қызметті жүзеге асыру үшін осы инвестициялық келісімшартқа 3-қосымшаға сәйкес импортталған технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектерді, шикізатты және материалдарды қолдануға;

8) өз тарапынан мемлекеттің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісінің инвестициялық келісімшарт тіркелген күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде, ал құйма өнімді өндіруді қоса алғанда, машина жасау саласындағы инвестициялық басым жобалар бойынша инвестициялық келісімшарт тіркелген күннен бастап 20 (жиырма) жыл ішінде инвестордың құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) құрамынан шығуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Осы тармақшаның ережелері мемлекеттің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісінің инвестордың құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) ретіндегі үлесі 50 пайыздан кем болатын квазимемлекеттік сектор субъектісі өз қызметін көмір қабаттарындағы метанды өндіру жөніндегі инвестициялық басым жобаны іске асыру шеңберінде жүзеге асыратын жағдайда қолданылмайды.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.10.2021 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Салықтар және төлемдер

10. Инвестор Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге міндеттенеді.

8. Форс-мажор

11. Инвестициялық келісімшарт бойынша қандай да болмасын орындалмаған міндеттемелер үшін, егер мұндай орындамау немесе орындау кезінде кідірту еңсерілмейтін күш (бұдан әрі – форс-мажор) мән-жайынан туған болса, Тараптардың ешқайсысы жауапты болмайды.

12. Форс-мажорға еңсерілмейтін күш мән-жайлары, яғни төтенше және осы жағдайлар кезінде тойтаруға болмайтын мән-жайлар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.с.с.) жатады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 381 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Инвестициялық келісімшарт бойынша жұмыстардың форс-мажор мән-жайларынан туындаған толық немесе ішінара тоқтауы кезінде жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізу жолымен осы жұмыстардың жүргізілу мерзімі форс-мажордың әрекет ету мерзіміне ұзартылады және форс-мажор аяқталған сәттен бастап жаңартылады.

14. Форс-мажор жағдайлары туындаған жағдайда, одан зардап шеккен Тарап ол басталған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде бұл туралы форс-мажор оқиғасы басталған күнді және сипаттамасын көрсете отырып, жазбаша хабарламаны тапсыру жолымен екінші Тарапты хабардар етеді.

15. Форс-мажор мән-жайлар туындаған кезде Тараптар қалыптасқан жағдайдан шығудың шешуін іздеу үшін дереу келіссөздер өткізеді және мұндай жағдайлардың зардаптарын барынша азайту үшін барлық құралдарды пайдаланады.

9. Құпиялылық

16. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы инвестициялық келісімшарттың әрекет ету мерзімі ішінде оны іске асыру жөніндегі жұмысқа қатысты барлық құжаттар, ақпарат және есептер жөніндегі құпиялылық шарттарын (осы инвестициялық келісімшарттың 17-тармағына сәйкес) сақтайды.

17. Мына:

1) ақпарат сот тергеуі барысында пайдаланылатын;

2) егер үшінші тұлға мұндай ақпараттың құпиялылығы шарттарын сақтау және ол ақпаратты Тараптар белгіленген мақсаттарда және Тараптар анықтаған мерзімде ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, ақпарат Тараптардың біріне инвестициялық келісімшарт бойынша қызмет көрсететін үшінші тұлғаларға берілген;

3) инвестициялық келісімшарт бойынша Тарап қаржы қаражатын алатын банк немесе басқа қаржы ұйымы бұл ақпараттың құпиялылық шарттарын сақтауға міндеттеме алуы шартымен ақпарат осындай банкке немесе басқа қаржылық ұйымына берілген;

4) кез келген, оның ішінде инвестордың, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары шетелдік банктерде ашылған кез келген шоттарына қатысты банктік құпия

болып табылатын ақпаратқа қол жетімділігі бар салық немесе өзге де Қазақстан Республикасының мемлекеттік уәкілетті органдарына берілген;

5) егер жасалған инвестициялық келісімшарт бойынша инвестициялық жобаны іске асыруға қатысты нормативтік құқықтық актілерді уәкілетті орган бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаған жағдайлардан басқа, екінші Тараптан жазбаша келісім алмайынша, Тараптардың ешқайсысының инвестициялық келісімшарттың мазмұнына қатысты ақпаратты немесе инвестициялық жобаны жүзеге асыруға байланысты және құпия деп есептелетін өзге де ақпаратты ашуға құқығы жоқ. Бұл ретте уәкілетті орган инвестициялардың сомасы мен іске асырылатын өңірлердің құрылатын жұмыс орындарының саны және инвестициялық жобаның атауы туралы ақпаратты ғана жариялауға құқылы.

10. Инвестициялық келісімшарт талаптарының сақталуын бақылау

18. Инвестициялық келісімшарт талаптарының сақталуын бақылауды уәкілетті орган мынадай нысандарда жүзеге асырады:

1) камералдық бақылау – уәкілетті орган осы инвестициялық келісімшарттың 19, 20 және 21-тармақтарына сәйкес ұсынылған есептерді зерделеу және талдау негізінде жүзеге асыратын бақылау;

2) инвестициялық қызмет объектісіне бару, оның ішінде жұмыс бағдарламасын және инвестициялық келісімшарт талаптарын орындау жөніндегі құжаттарды қарастыру арқылы.

19. Инвестициялық келісімшарт жасасқаннан кейін Инвестор уәкілетті орган белгілейтін нысан бойынша тіркелген активтердің пайдалануға берілуін, технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектерінің, шикізаттың және (немесе) материалдардың жеткізілуі мен пайдаланылуын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жұмыс бағдарламасында көзделген шығындар баптары бойынша таратып жазып, инвестициялық келісімшарттың орындалуы туралы жартыжылдық есептерді жиырма бесінші шілдеден және жиырма бесінші қаңтардан кешіктірмей береді.

20. Мемлекеттің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылтайшы және (немесе) қатысушы (акционер) құрамынан шығуы жөніндегі талапты растау үшін инвестор Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) құрамынан шығу мерзімі өткеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органға басшының қолымен және инвестордың мөрімен (бар болса) расталған жарғының көшірмесін ұсынады.

21. Инвестициялық келісімшарт жасасқан инвестор жұмыс бағдарламасын іске асыруды аяқтағаннан кейін екі ай ішінде инвестициялар жөніндегі уәкілетті органға аудиторлық есепті ұсынады, онда мыналар қамтылуға тиіс:

1) жұмыс бағдарламасына сәйкес инвестициялық міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат;

2) жұмыс бағдарламасына сәйкес сатып алынған тіркелген активтер бойынша таратып жазу;

3) жұмыс бағдарламасының орындалғанын растайтын құжаттардың жиынтық тізілімі;

4) инвестициялық келісімшарт талаптарының орындалуы туралы мәліметтер.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 27.07.2018 № 468 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.01.2021 № 4 ("ҚР кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 02.01.2021 ҚР Заңы қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі); 25.10.2021 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

22. Инвестициялық келісімшартқа қосымшаға өзгерістер тараптардың келісуі бойынша жылына екі рет енгізілуі мүмкін.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.10.2021 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Инвестициялық қызмет объектісіне барып тексеру жұмыс бағдарламасы аяқталған жағдайда тіркелген активтер пайдалануға берілгеннен кейін алты ай кезеңінде жүргізіледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 27.07.2018 № 468 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органның өкілі мен инвестордың басшысы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасы орындалуының ағымдағы жай-күйі актісіне қол қояды.

25. Инвестор инвестициялық келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде және келісімшартқа өзгерістер енгізу үшін инвестор инвестициялық жобаның одан әрі іске асырылу мүмкіндіктерін негіздейтін құжаттарды ұсынбаған жағдайда инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган хабарлама жіберілген сәттен бастап үш ай өткен соң біржақты тәртіппен инвестициялық келісімшарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатады.

Инвестициялық келісімшарт бұзылған жағдайда көрсетілген инвестор инвестициялық келісімшарт бойынша берілген инвестициялық преференциялардың салдарынан бюджетке төленбеген салықтар мен кедендік баждардың сомаларын төлейді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 27.07.2018 № 468 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.01.2021 № 4 ("ҚР кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 02.01.2021 ҚР Заңы қолданысқа енгізілген күннен бастап

қолданысқа енгізіледі); 25.10.2021 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

26. Егер уәкілетті орган жүргізген тексеру нәтижелері бойынша инвестициялық жобаны іске асыру үшін әкелінген және кедендік баждар төлеуден босатылған технологиялық жабдық, оның жинақтауыштары, қосалқы бөлшектері, шикізат және (немесе) материалдар пайдалануға берілмегені не пайдаланылмағаны анықталған жағдайда, инвестициялық келісімшарт бойынша ұсынылған инвестициялық преференциялар салдарынан кедендік баждардың сомасын төлемеген инвестор пайдаланылмаған жабдық, оның жинақтауыштары, қосалқы бөлшектері, шикізаттар және (немесе) материалдар бөлігінде оларды төлейді.

27. Мемлекеттің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылтайшы және (немесе) қатысушы (акционер) құрамынан шығуы жөніндегі талап орындалмаған жағдайда инвестициялық преференцияларды қолдану ол (олар) инвестордың құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) құрамынан толық шыққанға дейін бір жылдан аспайтын мерзімге тоқтатыла тұрады.

Тоқтатыла тұрған кезең ішінде инвестордың құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) құрамынан шығу жөніндегі талаптың орындалмауы инвестициялық келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтатуға және бұрын берілген инвестициялық преференцияларды қайтаруға әкеп соқтырады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.10.2021 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28. Инвестициялық келісімшартты бұзу туралы ақпарат мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында мыналарға:

1) тиісті шаралар қабылдау үшін мемлекеттік кіріс органдарына және қажет болған жағдайда өзге де мемлекеттік органдарға;

2) оларға сәйкес мемлекеттік заттай грант берілген инвестициялық келісімшарттар бойынша мемлекеттік кіріс органдарына, мемлекеттік мүлікті және (немесе) жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органдарға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға жіберіледі.

11. Дауларды шешу

29. Тараптар инвестициялық келісімшарттың кез келген ережелерін орындауға немесе түсіндіруге байланысты туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді өзара келіссөздер жолымен шешу үшін бар күш-жігерін салады.

30. Тараптар кез келген Тараптың екінші Тарапқа жазбаша өтінімі алынған күннен бастап екі ай ішінде келісімге қол жеткізбеген жағдайда дауларды шешу "Астана" халықаралық қаржы орталығының сотында, "Астана" халықаралық қаржы

орталығының Халықаралық төрелік орталығында немесе Қазақстан Республикасының сот органдарында, сондай-ақ Тараптардың келісімімен айқындалатын төреліктерде жүргізілуі мүмкін.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 27.12.2019 № 987 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

31. Тараптар пайда болған даулар мен келіспеушіліктер толықтай шешілгенге дейін инвестициялық келісімшартта белгіленген міндеттемелерді орындаудан босатылмайды.

12. Инвестициялық келісімшарттың тұрақтылығына кепілдемелер

32. Инвестордың құқықтары мен мүдделері толық және сөзсіз қорғалады, бұл Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.02.2023 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

33. Инвестордың мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмейтін актілер шығаруы, сондай-ақ осы органдардың лауазымды адамдарының заңсыз әрекетінің (әрекетсіздігінің) салдарынан өзіне келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтетуге құқығы бар.

34. Шарттарға тараптардың келісімі бойынша өзгерістер енгізілетін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы инвесторлар мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары арасында жасалған шарттар талаптарының тұрақтылығына кепілдік береді.

Бұл кепілдіктер:

1) акцизделетін тауарлар импортының, өндірісінің, оларды өткізу тәртібі мен шарттарын өзгертетін Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерге және (немесе) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының күшіне енуіне және (немесе) олардың өзгерістеріне;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, денсаулық пен қоғамда адамгершілікті сақтауды қамтамасыз ету мақсатында енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға қолданылмайды.

Ескерту. 34-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Қолданылатын құқық

35. Инвестициялық келісімшарт және инвестициялық келісімшарт негізінде қол қойылған басқа да келісімдер үшін "Астана" халықаралық қаржы орталығының немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы қолданылады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 27.12.2019 № 987 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Инвестициялық келісімшарттың әрекет ету мерзімі және күшіне енуі

36. Инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзімі инвестициялық преференциялардың қолданылу мерзімімен айқындалады. Жұмыс бағдарламасы бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімі инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін тоғыз айдан кешіктірмей аяқталуға тиіс.

37. Осы инвестициялық келісімшарт уәкілетті органда тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

38. Инвестициялық келісімшарттың қолданылуы инвестициялық келісімшарттың 16 -бөлімінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, _____ өткен соң тоқтатылады.

(күні)

15. Инвестициялық келісімшартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

39. Тараптар өзара келісім бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялық келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

16. Инвестициялық келісімшартты бұзу талаптары

40. Инвестициялық преференциялардың қолданылуы инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзімі өткен соң тоқтатылады не осы бапта белгіленген тәртіппен осындай мерзім өткенге дейін тоқтатылуы мүмкін.

41. Инвестициялық келісімшарттың қолданылуы:

1) тараптардың келісуі бойынша;

2) бір жақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

42. алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.07.2018 № 468 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

43. Инвестициялық келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының бастамасы бойынша инвестициялық келісімшарт біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде аталған заңды тұлға инвестициялық келісімшарт бойынша берілген инвестициялық преференциялар нәтижесінде төленбеген салықтар мен кедендік баждар сомаларын төлейді.

44. Инвестициялық келісімшарт тараптардың келісуі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде инвестициялық келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасының

занды тұлғасы инвестициялық келісімшарт бойынша берілген инвестициялық преференциялар нәтижесінде төленбеген салықтар мен кедендік баждар сомаларын төлейді.

45. Инвестициялық келісімшарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде инвестициялық келісімшарт жасасқан инвестор өзіне мемлекеттік заттай грант ретінде берілген мүлікті заттай не инвестициялық келісімшарттың талаптарына сәйкес оның берілген күнгі бастапқы құнын қайтарады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.10.2021 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

46. Мемлекеттік заттай грантты қайтаруды инвестициялық келісімшарт жасасқан инвестор инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган инвестициялық келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдағаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде жүзеге асырады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.10.2021 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Инвестициялық келісімшарт тілі

47. Инвестициялық келісімшарттың мәтіні, осы инвестициялық келісімшартқа қоса берілетін өзгерістер, қосымшалар, қосымша құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасақталады. Барлық даналар егер, инвестициялық келісімшартта өзге жағдайлар көзделмеген болса, тең түпнұсқалы болып табылады және бірдей заңды күшке ие.

48. Тараптар _____ тілі қатынас тілі ретінде қолданылатындығына уағдаласады. Инвестициялық келісімшарт күшіне енген күнінен бастап инвестициялық жобаны іске асыруға қатысты ақпарат _____ тілінде жасалады.

18. Қосымша ережелер

49. Инвесторды қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органның жазбаша келісімімен жүзеге асырылады.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.10.2021 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

50. Хабарламалар мен есептер тікелей қолға беріледі немесе төменде көрсетілген мекенжайға хабарламалы поштамен жіберіледі:

уәкілетті орган: _____;

(атауы, заңды мекенжайы, телефондары)

уәкілетті органның басшысы: _____;

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

инвестор: _____;

(атауы, заңды және нақты мекенжайы, телефондары, электрондық мекенжайы)
инвестордың басшысы: _____";

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 27.12.2019 № 987 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51. Инвестициялық келісімшарт бойынша мекенжайлар өзгерген кезде Тараптардың әрқайсысы екі апта мерзімде екінші Тарапқа жазбаша хабарлама беруге тиіс.

52. Қосымшалардың ережелері мен инвестициялық келісімшарт арасында қандай да бір ауытқушылық болған кезде соңғысының негіз құраушы мәні бар.

53. Осы инвестициялық келісімшартқа _____ жылғы _____ Астана қаласында, Қазақстан Республикасы, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған.

Уәкілетті орган: Инвестор:

Қолы _____ М. О. Қолы _____

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 22.10.2022 № 840 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Инвестицияларды жүзеге
асыруды және инвестициялық
преференциялар беруді
көздейтін инвестициялық
жобаны іске асыруға арналған
модельдік келісімшартқа
1-қосымша

**Инвестициялық жоба бойынша жұмыс бағдарламасы _____
_____ (атауы)**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 27.12.2019 № 987 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Инвестордың атауы: _____

Тіркелген активтерге инвестициялар, мың теңге

Р/с №	Шығындар баптары	Тіркелген активтер пайдалануға енгізілген күн	Күнтізбелік жыл			Барлығы
			1 - жартыжылдық	2 - жартыжылдық	Ж ы л бойынша жиыны	
Жиыны:						
Уәкілетті орган:		Инвестор:				
Қолы _____ М.О.		Қолы _____				

Инвестицияларды жүзеге асыруды

және инвестициялық преференциялар
беруді көздейтін инвестициялық
жобаны іске асыруға арналған
модельдік келісімшартқа
2-қосымша

_____ жылғы "___" _____ бастап _____ жылғы "___" _____ аралығында кедендік баждар
салудан босатылатын импортталатын технологиялық жабдық пен оның
жиынтықтауыштарының тізімі және көлемі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 27.12.2019 № 987 (алғашқы
ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Атауы	КО СЭҚ ТН коды	Өлшем бірлігі	Саны
1.				
2.				
Жиыны				

Барлығы _____ парақтағы _____ атау.

Уәкілетті орган:	Инвестор:
Қолы _____ М.О.	Қолы _____

Инвестицияларды жүзеге асыруды
және инвестициялық преференциялар
беруді
көздейтін инвестициялық
жобаны іске асыруға арналған
модельдік келісімшартқа
3-қосымша

Кедендік баждар салудан босатылатын импортталатын технологиялық жабдықтардың
қосалқы бөлшектерінің, шикізаттың және (немесе) материалдардың тізімі және көлемі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 27.12.2019 № 987 (алғашқы
ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс
енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.10.2021 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен
бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Атауы	КО СЭҚ ТН коды	Өлшем бірлігі	Саны	Преференция мерзімі
I.	Қосалқы бөлшектер				
1.					
2.					
II.	Шикізат және материалдар				
1.					
2.					

Барлығы _____ парақта _____ атау.

Уәкілетті орган:	Инвестор:

Қолы _____ М.О.

Қолы _____

Ескертпе:

технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектерін импорттау кезінде кедендік баж салудан босату Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қызметтің басым түрлерінің тізбесіне сәйкес қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына тіркелген активтерге инвестициялардың мынадай көлемдеріне қарай айқындалатын мерзімдерге беріледі:

- 1) бірлік мөлшері ағымдағы жылға арналған "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген бір миллион айлық есептік көрсеткішке (бұдан әрі – АЕК) дейін – 3 жылға;
- 2) бір миллионнан бес миллион АЕК-ке дейін – 4 жылға;
- 3) бес миллион АЕК-тен жоғары – 5 жылға.

Инвестицияларды жүзеге асыруды
және инвестициялық преференциялар
беруді көздейтін инвестициялық
жобаны іске асыруға арналған
модельдік келісімшартқа
4-қосымша

_____ жылғы "___" _____ бастап _____ жылғы "___" _____ аралығында қосылған құн салығын
салудан босатылатын импортталатын шикізаттың және (немесе) материалдардың тізімі
және көлемі

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 27.12.2019 № 987 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Атауы	КО СЭҚ ТН коды	Өлшем бірлігі	Саны
1.				
2.				
Жиыны				

Барлығы _____ парақтағы _____ атау.

Уәкілетті орган: Қолы _____ М.О.	Инвестор: Қолы _____
-------------------------------------	-------------------------

Инвестицияларды жүзеге асыруды
және инвестициялық преференциялар
беруді көздейтін инвестициялық
жобаны іске асыруға арналған
модельдік келісімшартқа
5-қосымша

Инвестициялық субсидияны төлеу графигі мен жылдық көлемі

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды – ҚР Үкіметінің 12.01.2021 № 4 ("ҚР кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 02.01.2021 ҚР Заңы қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен. қаулысымен.

Инвестицияларды жүзеге асыруды
және инвестициялық преференциялар
беруді көздейтін инвестициялық
жобаны іске асыруға арналған
модельдік келісімшартқа
6-қосымша

Кепілдік берілген тапсырыс

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 27.12.2019 № 987 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарап болып табылатын инвестор және 2-тарап болып табылатын заңды тұлға 1-тараптың мыналарды әкелетіні, ал 2-тараптың сатып алатыны туралы уағдаласты:

Р/с №	Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы	Жылдар бойынша өндіріс көлемі	Бір бірлігінің бағасы	Жылдар бойынша сатып алу көлемі
1-тарап: _____ (атауы))	Бірінші басшы: _____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)			
2-тарап: _____ (атауы))	Бірінші басшы: _____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)			

Инвестицияларды жүзеге асыруды
және инвестициялық преференциялар
беруді көздейтін инвестициялық
жобаны іске асыруға арналған
модельдік келісімшартқа
7-қосымша

Инвестициялық басым жобаны іске асыру кезінде тартылатын мамандықтар тізбесі және шетелдік жұмыс күшінің саны

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 27.12.2019 № 987 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

адам саны

Т.А.Ә., мамандық атауы	Күнтізбелік жыл			Барлығы
	1-жартыжылдық	2-жартыжылдық	жыл бойынша жиыны	
1. Басшылар:				
2. Жоғарғы білімі бар мамандар:				
3. Білікті жұмысшылар:				
Уәкілетті орган: Қолы _____ М.О.	Инвестор: Қолы _____			

Инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған қызметтің басым түрлерінің тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 27.07.2018 № 468 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 917 (03.08.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.02.2020 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 12.01.2021 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 12.01.2021 № 4 ("ҚР кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 02.01.2021 ҚР Заңы қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі); 22.10.2022 № 840 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 23.01.2023 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 23.02.2023 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 15.05.2024 № 381 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз); 14.10.2025 № 859; 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 17.07.2026 № 635 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Бөлім	Бөлімнің атауы	Топ	Топтың атауы	Сынып	Сыныптың атауы
1	2	3	4	5	6
		1-бөлім. Инвестициялық жобаларды, (соның ішінде инвестициялық басым жобаларды), арнайы инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған қызметтің басым түрлерінің тізбесі			
	01.1	Бір немесе екіжылдық дақылдарды өсіру	01.11	Дәнді дақылдарды (күріштен басқа), бұршақ және майлы дақылдарды өсіру	
			01.12	Күріш өсіру	
			01.13	Көкөністер, бақша дақылдарын, тамыр жемістілер мен түйнек жемістілерді өсіру	
			01.14	Қант қамысын өсіру	
			01.16	Тоқыма дақылдарды өсіру	
			01.19	Өзге де бір немесе екіжылдық дақылдарды өсіру	
	01.2	Көпжылдық	01.21	Жүзім өсіру	
			01.22	Тропикалық және субтропикалық жемістерді өсіру	
			01.23	Цитрус жемістерін өсіру	
			01.24	Дәнді және сүйекті жемістерді өсіру	
			01.25	Басқа да жемістер, жидектер және жаңғақтар өсіру	

01	Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер көрсету			дақылдарды өсіру	01.26	Құрамында майы бар жемістерді өсіру		
					01.27	Сусындар өндірісіне арналған дақылдарды өсіру		
					01.29	Басқа да көпжылдық дақылдарды өсіру		
		01.3		Өсімдіктерді молайту	01.30	Өсімдіктерді молайту		
		01.4		Мал шаруашылығы	01.41	Сүт бағытындағы ірі қара малды өсіру		
					01.42	Басқа да ірі қара малды және енеке өсіру		
					01.43	Жылқы және басқа да жылқы тұқымдас жануарларды өсіру		
					01.44	Түйе және өзге де түйе тектес жануарларды өсіру		
					01.45	Қой және ешкі өсіру		
					01.46	Шошқа өсіру		
					01.47	Ауыл шаруашылығы құстарын өсіру		
					01.49	Жануарлардың басқа түрлерін өсіру		
		01.6		Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге және мал шаруашылығына ықпал ететін қызмет және өнім жинаудан кейінгі қызмет	01.62	Мал шаруашылығын дамытуға ықпал ететін қызмет		
					01.64	Егуге арналған тұқымды өңдеу қызметі		
03	Балық шаруашылығы және акваөсіру		03.2		Акваөсіру		03.21	Теңізде акваөсіру
							03.22	Тұщы судағы акваөсіру
							10.11	Етті қайта өңдеу

						және консервілеу
		10.1	Етті қайта өңдеу және консервілеу және ет өнімдерінің өндірісі		10.12	Ауыл шаруашылығы құсының етін қайта өңдеу және консервілеу
					10.13	Еттен және ауыл шаруашылығы құсының етінен жасалған өнімдер өндірісі
		10.2	Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскілерді өңдеу және консервілеу		10.20	Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскілерді өңдеу және консервілеу
					10.31	Картопты өңдеу және консервілеу
		10.3	Жемістерді және көкөністерді қайта өңдеу және консервілеу		10.32	Жеміс және көкөніс шырындарының өндірісі
						Жемістерді және

10*	Тамақ өнімдерінің өндірісі					10.39	көкөністерді өңдеу және консервілеудің өзге де түрлері
						10.41	Май және тоң май өндірісі
		10.4		Өсімдік және жануарлар майы мен тоң май өндірісі		10.42	Маргарин және оған ұқсас тағамды қ майлар өндірісі
		10.5		Сүт өнімдерінің өндірісі		10.51	Сүт өңдеу және ірімшік өндіру
						10.61	Ұн-жарма өнімдерінің өндірісі
		10.6		Ұн-жарма өнімдерінің, крахмал және крахмал өнімдерінің өндірісі		10.62	Крахмал және крахмалдан жасалатын өнімдер өндірісі
						10.71	Ұзақ сақталмайтын нан және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндірісі
							Кептірілген

		10.7	Нан-тоқаш, макарон және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндірісі		10.72	нан және печенье, ұннан жасалған ұзақ сақталмайтын кондитерлік өнімдер өндірісі
					10.73	Макарон өнімдерінің өндірісі
					10.81	Қант өндірісі
					10.82	Какао, шоколад және қантты кондитерлік өнімдер өндірісі
					10.83	Шай және кофе өндірісі
					10.84	Татымдықтармен дәмқосарлар өндірісі
		10.8	Өзге де тамақ өнімдерінің өндірісі		10.85	Дайын тағам өнімдерінің өндірісі
					10.86	Балалар тағамының және диеталық тамақ өнімдерінің өндірісі

						10.89	Басқа топтама ларға енгізіл меген өзге де тамақ өнімдер і н өндіру
			10.9		Жануарларға арналған дайын азық өндірісі	10.91	Ауыл шаруаш ылығы жануар ларына арналға н дайын азықтар өндірісі
						10.92	Ү й жануар ларына арналға н дайын азық өндірісі
11*	Сусынд а р өндіру		11.0		Сусындар өндіру	11.06	У ы т өндіру
						11.07	Минера лды сулард ы және басқа алкогол ьсіз сусынд арды өндіру
			13.1		Тоқыма талшықтарын дайындау және иіру	13.10	Тоқыма талшық тарын өндіру
			13.2		Тоқу өндірісі	13.20	Тоқу өндірісі
			13.3		Тоқыма бұйымдарын әрлеу	13.30	Тоқыма бұйымд арын әрлеу
							Токылғ ан және

